

Жезқазған қаласының кейбір көшелерін қайта атау туралы

Қарағанды облысы Жезқазған қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 13 мамырдағы N 12/17 қаулысы және Қарағанды облысы Жезқазған қалалық мәслихатының 2010 жылғы 16 шілдедегі N 24/293 шешімі. Қарағанды облысы Жезқазған қаласы Әділет басқармасында 2010 жылғы 2 тамызда N 8-2-121 тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабы 1 тармағының 4 тармақшасына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 13 бабы 4 тармақшасына сәйкес және тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, Жезқазған қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТТІ** және Жезқазған қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Жезқазған қаласының кейбір көшелері:

- 1) Дзержинский көшесі Әбілқасен Әміралин көшесі болып;
- 2) Карагандинская көшесі Қарағанды көшесі болып;
- 3) Тохтаров көшесі Төлеген Тоқтаров көшесі болып;
- 4) С. Шарипов көшесі Сабыр Шәріпов көшесі болып қайта аталсын.

2. Осы бірлескен қаулы және шешім ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

	<i>Жезқазған қаласының</i>
<i>әкімі</i>	<i>Балмағамбетов Қ.С.</i>
	<i>Қалалық мәслихат</i>
<i>сессиясының төрағасы</i>	<i>Төлеуов С.Ж.</i>
	<i>Қалалық мәслихаттың</i>
<i>хатшысы</i>	<i>Әбдіров Қ.С.</i>